

Педагогикалық әдеп кеңес отырысының №2 хаттамасы

Қатысушылар: «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының ұжымы.

Саны: 14

Кеңес мүшелері:Тажимуратова П.А-кеңес төрағасы.

Даухаренова А.О-кеңес мүшесі.

Искакова С.С -кеңес мүшесі.

Өтілген уақыты: 29.01.2024ж

2023-2024 оқу жылы.

Күн тәртібінде:

1.Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.

Кеңес мүшесі: Даухаренова А.О.

2.Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.

Кеңес мүшесі:Искакова С.С.

3.Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

/ситуациялық жағдаяттар/

Кеңес төрайымы: Тажимуратова П.А:

1.Бірінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі:даухаренова А.О:

-Педагог қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн.Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде педагог деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да педагог екенін ұмытпауы тиіс. Кәзір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын баланың, ата-ананың , адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) әдептілік бағалауда таныту қажет. Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

2.Екінші сұрақ бойынша кеңес мүшесі: Искакова С.С:

-Педагогикалық әдеп- педагог әрбір нақты жағдайда балаларға тәрбиелік әсер етудің бірбен-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне педагогикалық жол табу деп те анықтама беруге болады. Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады. “ Педагогикалық әдебі нашар қайырымдылығы нашар, сыпайлығы нашар, балаларға деген сүйіспеншілігі нашар, т.б. деумен бірдей.Ал педагогикалық тактиканың тым күрделі аса жақсыдан жаманға дейін, мейлінше жетілгіндіктен қарадүрсінділікке тұқыртылған мәні болуы мүмкін. Әрбір педагог балалармен қарым-қатынастар белгілі бір тактиканы

эрқашанда колдана береді, бірақ ол әсте де педагогикалық әдеп бола алмайды. Педагог балаларына ықыласты қарап, оларды қадірлеп, кеңпейілді, мейірімді болабілу керек. Оның ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде тәртіпсіздік үстемдік етеді, балалар тапсырмаларды орындамайды, айтқан ақылды тыңдамайды т.б. Мұндай педагогті әдептілігі жоқ деп кінәлеуге болмайды. Онда әдеп бар, бірақ оның тактикасы жетілмеген, тактикалық тәсілдер қоры аз, ұйымдастырумен жүйелілік жетілмеген, тактикалық ұйымдастыру мен жүйелілік мүлде жоқ. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогтің мінез ерекшелігі ретіндегі әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

3. Үшінші сұрақ бойынша кеңес төрайымы: Тажимуратова П.А:

-Педагогикалық әдеп және сөйлесу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарының болуы, білімділігі, біліктілігі ғана емес бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды қатынас құралы тілге байланысты екендігі даусыз. Педагогке керегі тек білім ғана емес, сондай-ақ сөйлеу шеберлігі, яғни кәсібилік, біліктілік, білімділікпен қатар, сол бар ілім-білімін жеткізе алатын сөйлеу шешендігі, кәсіби шешендік, Педагогтің жұмысы барысындағы сөйлеудің, жәй ғана сөйлеу емес, шебер шешен сөйлеудің қаншалықты маңызды екендігін аша түседі. Деген А. Байтұрсыновтың сөзін де. Сөйлеу мәдениетін игеру болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас ретіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзыреттілікті меңгерту болашақ педагог-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы.

-Педагог-тәрбиешілермен педагогикалық жұмыс барысында орын алатын әртүрлі /ситуациялық жағдаяттар/дан қалай шығу жолдарымен әңгімелесу.

Шешімі:

1. Жеке фотосуреттермен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
2. Педагогтың педагогикалық әдебін сақтауда педагогтің құқықтық сауаттылығын арттыру.
3. Жас педагогтар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы: Тажимуратова П.А

Кеңес хатшысы: Исакова С.С

Тажимуратова П.А.
Исакова С.С.
Монаратбеєва А.М.
Исаутшова Т.А.

Барнашев Б. К. ~~Борис~~
Андреев К. К. ~~Андрей~~